

Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын күтіп ұстau, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыс түрлерінің жіктелімін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2014 жылғы 24 қаңтардағы № 56 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 27 ақпанда № 9176 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 09.06.2016 № 480 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

"Автомобиль жолдары туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 2-тармағының 25) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 09.06.2016 № 480 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын күтіп ұстau, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыс түрлеріне жіктелім бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 09.06.2016 № 480 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Автомобиль жолдары комитетіне (З.С. Сағынов):

1) Осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында ресми жариялануын және оны мемлекеттік органдардың интернет-порталында орналастыруын;

3) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы "Әділет" респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға көшірмелерін жіберуді;

4) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеу туралы және бұқаралық

ақпарат құралдарында жариялауға жіберу туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың қосымшасында келтірілген күші жойылған деп танылған Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне сәйкес кейбір нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі М.Қ. Пішембаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

A. Жұмағалиев

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация министрінің
2014 жылғы 24 қантардағы
№ 56 бұйрығымен бекітілді

Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын күтіп ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыс түрлерінің жіктелімі

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - КР Инвестициялар және даму министрінің 09.06.2016 № 480 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын күтіп ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыс түрлерінің жіктелімі (бұдан әрі - Жіктелім) жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын (бұдан әрі - Автомобиль жолдары) күтіп ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыс түрлерін белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Инвестициялар және даму министрінің 09.06.2016 № 480 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Жіктелім жол-жөндеу жұмыстарының көлемдерін негіздеу және оларды орындау үшін респубикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінетін қаржы қаражаттарын есептеу үшін қолданылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - КР Инвестициялар және даму министрінің 09.06.2016 № 480 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы Жіктелімде мынадай анықтамалар қолданылады:

1) автомобиль жолдарын басқарушылар – автомобиль жолдарының меншік иелері болып табылатын немесе шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы автомобиль жолдарын басқару қызметін жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалар;

2) автомобиль жолдары мен жол құрылыштарын пайдалануды басқару - бұл автомобиль жолдары мен жол құрылыштарының қажетті техникалық деңгейін және көліктік-пайдалану жай-күйін қамтамасыз ету бойынша ұйымдық және регламенттейтін кешені;

3) автомобиль жолдарының жай-күйіне мониторинг жүргізу – бұл пайдалану және қоршаған ортаның ықпал етуі нәтижесінде мүмкін болатын антропогендік өзгерістердің жай-күйін қадағалау мен бақылау, бағалау мен болжамдау жүйесі;

4) автомобиль жолдарын маршрутты жөндеу тәсілі - бұл көлік қозғалысы үшін қауіпті ақаулыштарды жою жергілікті участкердердегі жол жабынының тегістігін қалпына келтіру жұмыстарын қоса алғанда, маршрут бойынша орындалатын жөндеу кешені;

5) жол жамылғысы - бұл автокөлік құралдарынан түсетін салмақты қабылдайтын және оны топыраққа беретін автомобиль жолдарының бөлінген белдеулерінің шегіндегі көп қабатты құрылғы;

6) жол жамылғысы қызметінің жөндеу аралық мерзімі - бұл жол құрылышының көтеру қабілеттілігін (кушайту) арттырумен байланысты қазекті күрделі жөндеуге дейінгі құрылғыс, қайта жаңарту немесе күрделі жөндеуден кейін жолды пайдалануға тапсырған күннен басталған кезең;

7) жол жабыны қызметінің жөндеу аралық мерзімі - бұл тозу қабатын қалпына келтіру және тегістілік пен көлік қозғалысының қарқындылығы бойынша қажетті маңыздылығына дейін ұқсас сапаларын орнына келтірумен және ақауларды жоюмен байланысты қазекті орташа жөндеу орындауға қажеттілік туындағанға дейін құрылғыс, қайта жаңарту, күрделі немесе орташа жөндеуден кейін жолды пайдалануға тапсырған уақыт кезеңі;

8) жол-жөндеу жұмыстарының стратегиясы – бұл бөлінетін ресурстарды тиімді пайдалану кезінде автомобиль жолдары мен жол құрылыштары желісінің көліктік-пайдалану жай-күйін сақтау және жақсарту бойынша аса тиімді ұзақ уақытты техникалық шешімдерді және басқаратын ықпал етулер кешені;

9) жол жүрге үшін төлем ақы алу бағдарламалық-аппараттық кешені – жол жүрге төлем ақы алу үшін арналған автомобиль жолдарының жабдықтар, бағдарламалық қамтамасыз ету және элементтер жиынтығы.

10) зияткерлік көлік жүйесі (ЗКЖ) – автомобиль жолдарын әкімшілік-шаруашылық басқару тапсырмаларын қызметтік және ақпараттық деңгейде шешетін, ғаламдық қызметтер мен процестерді құрайтын интеграцияланған мәліметтерді жинау, өндеу және сақтауды; ақпараттың орталықтандырылған интеграцияланған массивтерін қамтамасыз ететін, интеграцияны қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету және енгізууді қамтамасыз ету мәліметтерін басқару, бірыңғай бизнес-ережелер бойынша

мәліметтерді түзету және қол жеткізу, шаруашылық-өндірістік есептерді жүргізу жүйесін, өзінің ішкі сәулеттілігі, қызметтері, процестерді және жоғары санаттағы автомобиль жолдарында көлік құралдарының қажетті өткізу қабілеттілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мәліметтері бар жол қозғалысын басқару жүйесін қамтамасыз ететін, өз құрамында Жүйені Басқару Орталығы бар жол қозғалысын басқару мен жол журу үшін ақы жинау және қозғалысты басқару кешені.

11) көлік құралдарының қозғалысын бақылау және мониторингіне арналған өлшеу құралдары, жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз ету – жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары бойынша автокөлік құралдарының қозғалысын бақылауды және мониторингті қамтамасыз ететін жабдықтар кешені.

12) автомобиль жолдарын қысқы күтіп ұстау - автомобиль жолдарын және ондағы құрылыштарды қар басып қалудан қорғауға, оны уақтылы тазартуға және жол жамылғысының қысқы тайғақтығымен құресуге байланысты айрықша жұмыстар кешені;

13) жол активтерін басқару – автомобиль жолдарын жөндеуге және күтіп-ұстауға бюджет шығыстарын тиімді жоспарлауға бағытталған, жол активтерінің диагностикасы және аспаптық зерттең-қарап, сондай-ақ жол инфрақұрылымы қауіпсіздігінің мониторингі жөніндегі қызмет;

14) диагностика (техникалық жай-күйін бағалау) – жөндеу іс-шараларының қажеттілігін анықтау үшін автомобиль жолдарының және жол құрылыштарының параметрлері және конструктивті элементтерінің жай-күйі, көлік ағынының сипаттамалары туралы ақпаратты, қажет болған жағдайда басқа да ақпарттарды зерттеу, жинау және талдау, сондай-ақ автомобиль жолдарын одан әрі пайдалану процесінде автомобиль жолының жай-күйін бағалау және болжau;

15) автомобиль жолдарын паспорттау – техникалық паспортын жасай отырып және жол дерек қорын қалыптастыра отырып автомобиль жолдарын және жасанды жол құрылыштарын техникалық есепке алу.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - КР Инвестициялар және даму министрінің 09.06.2016 № 480 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2018 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

4. Автомобиль жолдарының құрамына мыналар кіреді: беллінген белдеулер, жолдардың құрылымдық элементтері, жолдарды жайластыру және абаттандыру, су жібергіш және су өткізгіш құрылыштар, көпірлер, жол өткізгіштері, көлік айрықтары, су доғалары, үнгі жолдар, қорғау галереялары, жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыруға арналған құрылыштар мен құрылғылар, орман алқаптары, гүлзарлар, гүл бақтары, гүл бақшалары, қолдан отырғызылған ағаштар, мемлекеттік меншік болып табылатын желілі түрғын үй ғимараттары мен жол-пайдалану қызметтерінің кешендері, жол журу, ИТЖ үшін ақы алу бағдарламалық-аппарат кешені және өлшеу құралдары, автокөлік

құралдарының қозғалысын бақылау және мониторингі үшін жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз ету, және белгіленген габариттің шегінде олардың төбесіндегі ауа кеңістігі.

5. Автомобиль жолдары мен ондағы құрылыштарды пайдалану жұмыстарын жүргізуге нақты бөлінген қаржы ресурстары автомобиль жолдары мен ондағы құрылыштардың көліктік-пайдалану жай-күйін тексеру және диагностикалау материалдары негізінде белгіленген өткізілетін жөндеу іс-шараларының түрлеріне және жол-жөндеу жұмыстарының әзірленген стратегиясына қарай бөлінеді.

6. Автомобиль жолдарын қутіп ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеулер кезінде орындалатын сыныпталатын жұмыс түрлері жол саласында қолданылатын осы жұмыс түрлерінің нормативтік-техникалық құжаттарының талаптарына сәйкес орындалады.

7. Автомобиль жолдары мен ондағы құрылыштарды пайдалануды басқару өзіне келесі ұйымдық және регlementtіk іс-шараларды қамтиды:

1) автомобиль жолдары мен ондағы құрылыштарды сақтауды қамтамасыз ету және оларды уақытынан бұрын тозудан алдын ала сақтау;

2) жолдарда көлік қозғалысының қауіпсіздігі мен жайлыштың ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

3) автомобиль жолдары мен ондағы құрылыштарды пайдалануды басқару жұмыстарын орындауды ұйымдастыру, үйлестіру, реттеу және бақылау.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 04.12.2018 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-1. Жол активтерін басқару:

1) жол активтерін диагностикалау, паспорттау және аспаптық зерттеп қарауды;

2) жол-жөндеу жұмыстарының стратегиясын негіздеу және қажетті қаржы ресурстарын жоспарлауды;

3) автомобиль жолдары мен ондағы құрылыштарды жөндеу және күтіп-ұстау технологиясы мен ұйымдастыруды қоса алғанда, оларды жөндеу мен күтіп ұстаудың нормативтік-техникалық базасын жетілдіру, және өзектендіруді қамтиды.

Ескерту. 1-тaraу 7-тармақпен толықтырылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 04.12.2018 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Жол активтерін диагностикалау, паспорттау және аспаптық зерттеп қарап жөніндегі жұмыстың құрамына:

1) жолдар мен жол құрылыштарын оларды күтіп ұстау сапасын бағалау арқылы жүйелі түрде (көктемгі, күзгі және айлық) қарап тексеру;

2) автомобиль жолдары мен ондағы құрылыштарды диагностикалау және аспаптық зерттеп қарау;

- 3) автомобиль жолдары мен ондағы құрылыштарды паспорттау;
- 4) жолдардағы көлік қозғалысының қарқындылығы мен құрамын есепке алу;
- 5) жол дерек қорын құру, үнемі жаңарту және жұмыс күйінде ұстau;
- 6) ғылыми-техникалық сараптама және обьектілерді инспекциялау, соның ішінде жедел шешімдер қабылдауды талап ететін төтенше жағдайларда және өзге жағдайларда материалдар мен жұмыстардың сапасын бағалау кіреді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - КР Инвестициялар және даму министрінің 04.12.2018 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрек менен.

9. Жол-жөндеу жұмыстарының стратегиясын негіздеу және қаржы ресурстарын жоспарлау іс-шараларының құрамына мына жұмыстар кіреді:

1) жол және жол құрылыштарының көлік-пайдалану жай-күйі туралы деректердің бірыңғай ақпараттың банкін құру, экімшілік ету және басқару;

2) жол және жол құрылыштарының көлік-пайдалану жай-күйі туралы деректердің ақпараттық банктің талдауының негізінде күтіп ұстau және жөндеу бойынша жұмыстарды негіздеу;

3) жолдар желісінің жай-күйін болжамдау арқылы жол-жөндеу жұмыстарының стратегиясын өндөу. Жол-жөндеу жұмыстарының ағымдағы және перспективалық жоспарларын, соның ішінде жолдардың желісін күтіп ұстau жоспарларын құру;

4) жолдар желісін қажетті пайдалану үшін жай-күйінде сақтау және күтіп ұстau үшін қажетті қаржы ресурстарын жоспарлау;

5) жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыру және жол-көлік оқиғалары (бұдан әрі - ЖКО) шоғырланатын жерлерді жою бағдарламаларын әзірлеу.

10. Жолдарда көлік қозғалысының қауіпсіздігі мен жайлыштырылған ұйымдастыру және қамтамасыз ету іс-шараларының құрамына мынадай жұмыстар кіреді:

1) автокөлік ағындары қозғалысының тәртібін оқып-білу, жолдарды белгілеу сызбасын әзірлеу, жол белгілерін дислокациялау, қозғалыс жылдамдығын реттеу, қозғалысты басқарудың автоматтандырылған жүйесін ұйымдастыру;

2) ЖКО талдау, ЖКО болған орындарды тексеру, себептерін анықтау және жол қозғылышы қауіпсіздігінің талаптарын жақсарту ұсыныстарын дайындау;

3) қозғалыс қауіпсіздігіне қарай аса қауіпті жол участеклерін анықтау және авариялардың алдын алуға арналған профилактикалық іс-шараларды әзірлеу;

4) бөлінген белдеулер шегінде құрылыштарын өндіруді келісу;

5) коммуникациялар мен инженерлік желілері бар автомобиль жолдары мен құрылыштардың қылышу мен жанасуына техникалық талаптарды әзірлеуді келісу;

6) желілі жол қызметтерінің жұмыскерлерін жолдарда жарапанғандарға алғашқы медициналық көмек көрсету ережелеріне үйретуді ұйымдастыру;

7) жол бойындағы су көздерінде ауыз судың жай-күйіне санитарлық қадағалау жүргізуге келісім жасасу және олардың орындалуын бақылау;

8) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралары, соның ішінде шығарынды көздерінде және аспаптық өлшеу жолымен бақылау нүктелерінде (постарда) шығарындылардың шекті рұқсат етілетін нормативтерінің сақталуын бақылауды жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдармен келісім жасасу; міндettі экологиялық сақтандыру келісімдерін жасасу, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларының жоспарын әзірлеу, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламаларын әзірлеу, қоршаған ортаға ықпал етуін бағалау, ауаға шекті рұқсат етілетін нормативтерінің жобаларын әзірлеу, қауіпті қалдықтардың төлкүжаттарын әзірлеу және олардың орындалуын бақылауды қоса алғанда жол саласы ұйымдарында, жол шаруашылығы объектілерінде және жол бойы инфрақұрылымдарында қоршаған ортаны қорғау және жай-күйін қадағалау мен жетілдіру.

9) өртке қарсы іс-шараларды қадағалау және жетілдіру жөніндегі өртке қарсы қызметтері ұйымдарымен шарттар жасасу, өртке қарсы сигнал берулерге, электрмен жарықтандыруға және т.б. жоспарлы тексеру және сараптама жүргізу және олардың орындалуын бақылау;

10) жол бойындағы коммерциялық сервистерінің объектілерін орналастыруды келісу;

11) автомобиль жолдары өтетін аумақтарда ауа-райы болжамы туралы жүйелі ақпаратты алуға гидрометқызметтері ұйымдарымен шарттар жасасу;

12) боран құбылыстарын қадағалау және қар өлшейтін постыларды өлшеу;

11. Автомобиль жолдары мен жол құрылыстарын сақтауды қамтамасыз ету және оларды уақытынан бұрын тозудан сақтаап қалу іс-шараларының құрамына мынадай жұмыстар кіреді:

1) автомобиль жолдарын пайдалану және оларды қорғау тәртібін бұқаралық ақпарат құралдарында насхаттау;

2) ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдарының жол жүруін келісу;

3) үлкен салмақты көліктердің жол жамылғысы мен жол құрылыстарының сақталуына ықпал етуіне талдау жасау және қолайсыз ауа-райы жағдайларында, сондай-ақ жол жамылғысы жеткіліксіз мықтыланған әлсіз участекерде үлкен салмақты көліктердің қозғалысын шектеуді немесе ұйымдастыруды қамтамасыз ету үсіністарын әзірлеу.

12. Автомобиль жолдары мен жол құрылыстарын жөндеу мен күтіп ұстау технологиясы мен ұйымдастыруды қоса алғанда, оларды жөндеу мен күтіп ұстаудың нормативтік-техникалық базасын жетілдіру және өзектендіру іс-шараларының құрамына мынадай жұмыстар кіреді:

1) автомобиль жолдары мен ондағы құрылыстарды жөндеу мен күтіп ұстауды қоса алғанда, жобалау, салу, қайта жаңарту, пайдалану жөніндегі нормативтік-техникалық

базаны және нормативтік-техникалық құжаттарды тексеру, жаңарту және жетілдіруді қоса алғанда стандарттаудың және оларды іске асырудың перспективалы және ағымдағы жоспарларын құру;

2) автомобиль жолдары мен жол құрылыштарын салу, жөндеу және күтіп ұстай бойынша жаңа технологияларға, машиналарға және құрал-жабдықтарға хронометражды жұмыстар жүргізу арқылы нормалар мен бағаларды әзірлеу;

3) автомобиль жолдары мен ондағы құрылыштарды жөндеу мен күтіп ұстай тәжірибесіне енгізу бойынша нұсқаулықтар мен қорытындыларды әзірлеу арқылы технологиялар, машиналар және құрал-жабдықтар бойынша әлемдік тәжірибеге және ғылым мен техникаға қол жеткізуді оқып-білу;

4) тәжірибелі-сараптамалық, тәжірибелі-құрастырмалы жұмыстар және жаңа материалдар, құрылғылар, технологиялар, машиналар және құрал-жабдықтарды сүйемелдеу және енгізу бойынша ғылыми-техникалық сүйемелдеу;

5) автомобиль жолдары мен ондағы құрылыштарын жөндеу мен күтіп ұстай саласындағы жұмыс бағдарламалық өнімдерін жетілдіру және оларды жұмыс күйінде ұстau;

6) автомобиль жолдары мен жол құрылыштының ұзақтылығын және үнемділігін арттыру мақсатында оларды жөндеу мен күтіп ұстau саласындағы өзекті проблемалар бойынша іздестіру және инновациялық жұмыстары;

7) орналастырылған участкерді технологиялық қолдауды ұйымдастырумен және мониторинглеумен автомобиль жолдарын ағымдағы, орташа құрделі жөндеу шеңберінде автомобиль жолдары аспапты тәжірибелі участкерін ғылыми, техникалық қолдау және мониторинглеу.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Инвестициялар және даму министрінің 04.12.2018 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыйғымен.

13. Автомобиль жолдары мен жол құрылыштының пайдаланылуын басқаруды ұйымдастыру, үйлестіру, реттеу және бақылау іс-шараларының құрамына мынадай жұмыстар кіреді:

1) автомобиль жолдары мен жол құрылыштының желісін күтіп ұстau бойынша жол-жөндеу жұмыстарының орындалуын үйлестіру және реттеу;

2) жолдар мен жол құрылыштарын кезеңді есепке алу, есептілікті жасау;

3) жолдарды күтіп ұстau мен ағымдағы жөндеу кезінде сапаны бақылауды ұйымдастыру, бақылау жүйесін жетілдіру және жол-жөндеу жұмыстарының сапасын қамтамасыз ету, сапаны бақылауды аспаптық қамтамасыз ету;

4) азаматтық қорғаныс объектілері мен мұліктерін және жұмылдыру резервтеріндегі қоймаларды сақтау мен күтіп ұстайды қамтамасыз ету;

5) автомобиль жолдары мен ондағы құрылыштарды пайдалануды басқарудың құрылымы мен әдістерін үнемі жетілдіру.

2. Автомобиль жолдарын күтіп ұстau

14. Автомобиль жолдары мен ондағы құрылыштарды күтіп ұстau жұмыстары жөндеу жұмыстарын жыл бойы үздіксіз жүзеге асырады.

Жолдар мен жол құрылыштарды күтіп ұстau жұмыстарын уақтылы жүргізу мақсатында оларды көзбен көріп тексеру патрульдеу арқылы жүзеге асырылады.

Қаржыландырудың бекітілген нормативіне сәйкес, күтіп ұстauға арналған қаражаттардың шегінде, ақаулардың ведомосі бойынша тексерілген жолдардың нәтижелерінің негізінде жоспарланатын, жол және жол құрылыштарының зақымдарын алдын алу және түзету бойынша жұмыстарды орындау көзделуде.

15. Жолдарды күтіп ұстau жұмыстарын жүргізу нәтижесінде жыл бойы көлік күралдарының үздіксіз, қауіпсіз және жайлы қозғалысы қамтамасыз етілуі қажет.

16. Күтіп ұстau жұмыстары жобалық құжаттаманы жасауды талап етпейді. Оларды "Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын жөндеу мен күтіп ұстауды қаржыландыру нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндептін атқарушының 2015 жылғы 17 маусымдағы № 705 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11928 тіркелген) және "Астананың, республикалық маңызы бар қалалардың көшелеріп, облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеу мен күтіп ұстауды қаржыландыру нормативтерін бекіту туралы" 2015 жылғы 17 маусымдағы № 711 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11875 тіркелген) бұйрықтарымен бекітілген қолданыстағы нормативтік қаржыландыруға сәйкес, күтіп ұстauға бөлінген қаражат шегінде ақаулықтар тізбесі бойынша жолдарды тексеру нәтижесінде жоспарлайды.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 09.06.2016 № 480 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Автомобиль жолдары мен ондағы құрылыштарды күтіп ұстau жұмыстары көктемгі, жазғы және күзгі кезеңде күтіп ұстau, қысқы күтіп ұстau, жолдарды көғалданыру, жолдар мен ондағы құрылыштарды пайдалануды басқару, сондай-ақ өзге жұмыстарға бөлінеді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 09.06.2016 № 480 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Автомобиль жолдарын күтіп ұстau жұмыстарының құрамына операторлардың айтуымен ақпаратты жинау, өндеу және күн сайын жыл бойы ұсыну кіреді, соның ішінде:

1) бұқаралық ақпарат құралдарын автомобиль жолдарындағы жол жүрулер туралы ақпараттық қамтамасыз етуді қоса алғанда, автомобиль жолдарындағы жол жүрулер туралы;

2) болған ЖКО туралы;

3) тал және тасқын суларды жіберу кезіндегі жұмыстар туралы;

4) қысқы уақытта қар тазалайтын машиналар мен механизмдердің жұмысы туралы;

5) ақпараттарды жинау және өндөу, жол және ондағы құрылыштардың көлік-пайдалану жай-күйі туралы деректердің бірынғай ақпараттық банкіне әкімшілік ету және басқару.

19. Автомобиль жолдары мен ондағы құрылыштарды көктемгі, жазғы, күзгі кезеңдерде күтіп ұстау кезінде, яғни жыл сайын мынадай жұмыстарды орындаиды:

1) автомобиль жолдары мен ондағы құрылыштардың жай-күйін және оларды пайдалану ережелерінің сақталуын патрульдік қадағалау;

2) жер жамылғысы мен су өткізу жүйесі бойынша:

су өткізгіш жыраларды көктемде қардан, ал жазда қоқыстарды пайдаға асыруға тиену, шығару және беру арқылы жиналған қоқыспен балшықтан тазалау;

жиектердегі, иірімді участеклердегі кептіргіш науаларды қазу және себу;

жиектерді жоспарлау, шөптермен себу;

шабу және шабылған шөптерді жинау;

шабылған материалдарды пайдаға асыруға тиену, шығару және беру арқылы жер жамылғысының жиектері мен шеттеріндегі бұталарды қазып алу, ағаштарды, жабайы өсетін бұталарды тамырымен жұлу;

материалдар қоспастан жиектер мен себу бермдерін жоспарлау;

жеке участеклердегі көлік құраларының қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ететін себу арқылы жиектерді және бермдерді себу, кесу және жоспарлау;

иірім участеклерді жою;

опырылған, мұжілген жерлерді және сең шығарындыларын тазалау;

жиектерді себу және бекіту;

жеке элементтерін ауыстырумен және жаңа материалдарды пайдалану арқылы жер төсемі, су қайтарғыш, резервтер, бермдер, қорғаныс, бекіту және реттегіш құрылыштырының жеке бұзылуларын түзету;

көлік құраларының қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ететін материалдарды қосу немесе қоспау арқылы жиектерді және бермдерді кесу және жоспарлау;

үйінділердің шайылған жергілікті жерлерін жою, шайылударды себу;

жаңа жыраларды қазу;

қурап қалған ағаштарды тамырландыру және шауып алу;

арық жүйесін және жем беру лотоктарын жөндеу немесе ауыстыру;

3) белгінген белдеулер бойынша:

су ағысын қамтамасыз ету үшін белу жолағын жоспарлау;

бөлү жолағындағы қоқысты жинау, шығару және пайдаға асыруға беру;

шабылған материалдарды тиеу, шығару және пайдаға асыруға беру арқылы жол қозғалысының қауіпсіздігіне ықпал ететін ағаштарды, бұталарды, жабайы өсетін бұталарды шабу және тамырымен жұлу;

бөлінген белдеулерді шабу және шабылған шөптерді, қамыстарды және қурайларды жинау, тиеу, шығару және пайдаға асыруға беру;

еріген және тасқын суларды жіберуді қамтамасыз ететін материалдарды қосу арқылы бөлү жолағын жоспарлау;

4) цемент-бетонды жамылғысы бар жүру бөлігі бойынша:

жүру бөлігін қоқыстан, шаңнан және батпақтан тазарту, бейтаныс заттардан тазалау ;

бетонның үстіңгі қабатын арнайы құрамдармен бекіту;

жол жабынының үстіңгі қабатын өндеу, қорғаушы қабаттарды және тозу қабаттарын орнату;

жүру бөлігін белгілеу;

тігістерді кесу және ойыстарды толтыру;

ойыстарды бітеу және тігістерді толтыру;

бетонды шытынату және қабаттандыру;

отырынқы жерлерді және шарықшақтарды жою;

сегменттердің тозған қабаттарын қалпына келтіру, шытынаған және сынған плиталарды жөндеу, қалпына келтіруге жатпайтын плиталарды алмастыру;

ылғалдың, ауаның, күн радиациясының кіруінен жабындыны тиімді оқшалау үшін жаңартылған сұйықтықты пайдалану, атмосфералық ықпалдың әсерінен бұзылған битумды қалпына келтіру, жамылғының суға төзімділігін сақтау және қалпына келтіру;

5) асфальт-бетонды жамылғысы бар жүру бөлігі бойынша:

жүру бөлігін жуу және қоқыстан, шаңнан және батпақтан тазарту, бейтаныс заттардан тазалау;

тұтқыр материалдары көп учаскелерді күтіп ұстau;

жарықшақтарды құю;

ылғалдың, ауаның, күн радиациясының кіруінен асфальтбетонды жабындыны тиімді оқшалау үшін жаңартылған сұйықтықты пайдалану, атмосфералық ықпалдың әсерінен бұзылған битумды қалпына келтіру, жамылғының суға төзімділігін сақтау және қалпына келтіру;

шұңқырларды жою, шарықшақтарды, шұңқырларды, отырынқы жерлерді бітеу, жол учаскесінің жиектерін тегістеу;

жүру бөлігін белгілеу;

апатты-қауіпті учаскелерді бағдарлы тәсілмен жөндеу (иірімдерді жою, негіз және жабындарды жөндеу, шұңқырды жөндеу, жарықтарды бітеу, тегістейтін қабаттарды қондыру, жол жиектерін бекіту, жабындарды үстіртін өндеу);

ресайклинг әдісімен участеклерді жөндеу (иірімді жою, негіз және жабындарды ішінара жөндеу, шұңқырды жөндеу);

жол жабынының үстінгі қабатын өндеу, қорғаушы қабаттарды және тозу қабаттарын орнату;

автомобиль жолдарына бағдарлы тәсілмен жөндеу жүргізу кезінде жолдарды күтіп ұстау, сондай-ақ бағдар бойынша анықталған қозғалыс үшін қауіпті ақаулықтарды жою жұмыстары, жергілікті участеклерде жол төсемінің тегістілігін қалпына келтіруді қамтитын жөндеу жұмыстары кешені, оның ішінде ресайклинг әдісімен жүргізіледі. Жөндеудің бағдарлы тәсілі кезінде жұмыстары аралас бағдардың барлық ұзындығында, жергілікті участеклердегі жол төсемінің маңызды ақаулықтары мен бұзылуары шоғырланған жерлерде орындалады.

Жұмыстар ақаулық ведомосы негізінде қолданыстағы ережелерге сәйкес ресімделген тиісті ақаулықтары мен атқару сметаларын жою үшін қабылданған жұмыстардың технологиясы бойынша жолдарды күтіп ұстауды жүргізетін жол ұйымдарының күштерімен орындалады;

6) өтпелі жамылғысы бар жүру бөлігі бойынша:

төсемді балшықтан тазалау;

төсемді сумен шаңсыздандыру;

материалдар қосу арқылы тосемді кескіндеу және нығыздау;

төсемдерге тас үгінділері мен иленділерді үю, катундарды жинау;

шағылтасты және қырышықтасты төсемдердің қапталдарына материалдарды қосу немесе қоспау арқылы қалпына келтіру;

шағылтасты және қырышықтасты төсемдердің қапталдарын қалпына келтіру.

7) топырақты және топырақты жақсартылған төсемі бар жүру бөлігі бойынша:

материалдарды қосу арқылы пайда болған шұңқырлар, сораптар, басқа тегіссіздіктерді жою үшін төсемді кескіндеу;

ірі тегіссіздіктер пайда болғанға дейін жүргізілетін тегістеу-профилактикалық іс-шаралары;

жолдарды хлорлы кальций, битум және басқа материалдармен шаңсыздандыру;

автомобиль жолдарының кепкен участеклерін күтіп ұстау, уақытша қоршау, ая науаларын орналастыру және себу, жол төсемі мен жол жамылғысының үстінен су өтуін қамтамасыз ету;

қырышықтасты жол жамылғысын тұтқыр және басқа материалдармен шаңсыздандыру;

8) жолдардың жағдайы және абаттандыру, қозғалысты ұйымдастыру, байланыс, жарықтандыру обьектілері бойынша:

шу жолақтары, шудан қорғау экрандарын салу және жөндеу;

жол белгілерін, оқшаулайтын, энергия тартатын және темірбетонды қоршауларды, жол буферлерін орнату, бұзылған жерлерді қалпына келтіріп түзету, жол белгілері мен

коршаулардың қалқандарын толық ауыстыру, панноларды, жол жиектерінің тастарын орнату және жөндеу, жолды жайғастыру элементтерін реставрациялау;

халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары мен мүгедектігі бар адамдарды есепке ала отырып, арнайы символдарды, тактильді, дыбыстық және көзбен шолып көретін жерде көрсеткіштерді орнату, ауыстыру және жөндеу;

халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына және мүгедектігі бар адамдарға арналған бағдаршамды шақыру түймесін орнату, ауыстыру және жөндеу;

сәulet безендірулері мен абаттандыру элементтерінің жекелеген бұзылуларын және ақаулықтарын жөндеу;

автопавильондар, дәретханалар, күркелер, жол белгілері, коршаулар және автомобиль жолдарының басқа жайғастыру элементтерін жөндеу, сырлау және ақтау, тік және көлденең белгілерді түсіру;

күркелерді, орындықтарды, дәретханаларды (жарықтандыру және электрмен жабдықтау), бөлінген белдеудің шегінде халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары мен мүгедектігі бар адамдарды есепке ала отырып, жаяу жүргіншілер жолақтарын және тротуарлар орнату және жөндеу;

жаңа материалдар қолданбастан өтпелі, топырақты және топырақты жақсартылған төсемдері бар жол сервис объектілерінің мемлекеттік меншіктегі демалыс аландары мен кіреберіс жолдарын кескіндеу;

коршауларды, сигнал беру бағандарын, белгілерді, қалқандарды үнемі тексеру, бекіткіштерін тарту, қалқандарды түзету, шаң мен балшықтан тазалау, жуу;

автобус аялдамаларын, дәретханаларды, күркелерді, автопавильондарды кезеңді тексеру, шаңнан, балшықтан және қоқыстан тазалау, жуу;

жол сервис нысандарын және павильондарын күту, тазалау, жөндеу;

қозғалысты ұйымдастыру, байланыс және жарықтандыру құралдарын күтіп ұстай, күту және жарамдылығын қадағалау;

жүру бөлігін және жиектерді бөтен, жол қозғалысының қауіпсіздігіне қауіп төндіретін заттардан тазалау;

жолдарды, көпірлерді, жол өткізгіштерді, үңгі жолдарды, көлік айрықтарын, паромдық өткелдерді және басқа жол құрылыштарын электрмен жабдықтау желілерін тазалықта және ретке келтіріп ұстай, іsten шыққан шамдарды, шамшырақтарды, сымдарды, кабельдерді, трансформаторларды, жарық тіреулерін және басқа электрмен жабдықтау элементтерін ауыстыру және жаңаларын монтаждау, радио байланысын, ақы алу жүйесін, зияткерлік көлік жүйесін (ИТЖ), басқа технологиялық және сигнал беру байланысының басқа құралдарын, кабель желілерін, сондай-ақ, бағдаршам объектілерін, қозғалысты ұйымдастыру құралдарын, олардың қызмет етуі үшін байланыс каналдарын жалға алуды қоса алғанда, қозғалысты диспетчерлік және автоматтандырып басқару құралдарын тазалықта және ретке келтіріп ұстай;

GPS қондыру және пайдалану;

қозғалысты ұйымдастыру, байланыс және жарықтандыру обьектілерінің құралдарын жеке бұзылуардан және ақаулықтардан жөндеу;

жол желілік телеграфтық немесе радио байланыс және басқа технологиялық және сигнал-шақыру байланысын қалпына келтіру;

өлшеу құралдарын, жабдықтарды қондыру, жөндеу және күтіп ұстau, автокөлік құралдарының қозғалысын бақылау және мониторинг үшін бағдарламалық қамтамасыз ету;

жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын күтіп ұстau және жөндеуді жүзеге асыратын көлік құралдарының қозғалысын бақылауға арналған навигациялық жүйелерді күтіп ұстau, қондыру және пайдалану;

жүргіншілер бөлігіне "мысық көз" жол маркерін қондыру (қажет болған жағдайда);

тиісті сертификаттарды, таразы бақылау аркаларының өлшеу құралдарын алумен жыл сайынғы тексеруді жүргізу;

бақылау посттарын, аркалар мен басқа металл құрылымдары және/немесе темір-бетон бұйымдарын, ақпараттық (жарықтық диодты) жол белгілері мен өзгеріп тұратын ақпараты бар жеке жобалау табло жабдықтарын орнату және/немесе жөндеу, ауыстыру, оның ішінде оларды жарықтандыру және электрмен жабдықтау, бұл ретте жұмыс көлемдері сметалық құжаттамамен белгіленеді;

көлік құралдарының қозғалысын бақылау және мониторинг үшін өлшеу құралдарын, жабдықтарды және бағдарламалық қамтамасыз етуді уақтылы жөндеу және жоспарлы алмастыру төлкүжаттағы мәліметтерінің талаптарына сәйкес регламентtelген мерзімде жүргізіледі, соның ішінде:

дербес жұмыс станциялары, Орталық басқару пунктінің (бұдан әрі - ОБП) ұйымдастыру техникасы және байланыс құралдары;

жол бойындағы жабдықтар, дербес жұмыс станциялары, ОБП ұйымдастыру техникасы, РТЗ басқару жиынтығы, ЛВС коммутаторлары;

жол бойындағы жабдықтар, байланыс құралдары, ОБП серверлік, жүйелік және бейне құрал-жабдықтары;

серверлік жүйелі және бейне құрал-жабдықтары, ал нақты: екі серверден тұратын кластер, мәліметтерді сақтаудың дисктік жүйесі, дабыл-шақыру колонкаларының орталық модульдері, орталық шақыру колонкалары диспетчерлерінің консолі;

жаңа материалдарды қоспау немесе қосу арқылы қурделі, кемелденген, сондай-ақ ауыспалы, топырақты және топырақты жақсартылған төсемі бар жол сервис обьектілеріне демалыс аландары мен кіреберіс жолдарды салу және/немесе жөндеу;

қолданыстағы автомобиль жолдарына жол қоршауларын, аялдама павильондарын, жол сервис павильондарын, кіші архитектуралық пішіндер, тікүшақтарға арналған ұшу-қону аландары, демалыс аландарын және жол қозғалысы қауіпсіздігінің талаптарын ескере отырып, жүргізушилер мен жолаушылардың пайдалануы үшін жайлыштықты қамтамасыз ету мақсатында ауыспалы-жылдамдық жолақтарын салу және

қажет болған жағдайда оларды жарықтандыру және электрмен жабдықтау, сонымен бірге жұмыс көлемдері техникалық құжаттамамен белгіленеді;

мал кірмеу үшін қоршауларды орнату және жөндеу, ауыстыру;

шығу және кіру жолдарын жөндеу;

жол учаскелеріндегі қолданыстағы тротуарлар мен жаяу жүргіншілер жолдарын, сондай-ақ жол үстіндегі жол өтпелерін жөндеу;

автокөлік құралдарының қозғалыс жылдамдығын анықтау үшін ақпараттық (жарықтық диодты) жол белгілері мен өзгеріп тұратын ақпараты бар жеке жобалау табло жабдықтарын орнату, жөндеу және ауыстыру, оның ішінде оларды жарықтандыру және электрмен жабдықтау, бұл ретте жұмыс көлемдері сметалық құжаттамамен белгіленеді;

жарық шағылыстыратын элементтерді орнату және ауыстыру, сондай-ақ оларды балшықтан және қардан тазарту;

бүйірлі желбағарды орнату және ауыстыру;

қираған жол учаскелерін қалпына келтіру кезінде уақытша айналма жолдарын салу;

9) жасанды құрылыштар бойынша:

жүру бөлігінің жиектас қоршауларына белгі қою;

тапсырыс берушінің нұсқамасы бойынша жол қауіпсіздігін негізге ала отырып, халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары мен мүгедектігі бар адамдарды есепке ала отырып, сүйеулер мен тосқауыл қоршауларының сатылар мен баспалдақтардың, тұтқалардың, әртүрлі модификациядағы пандустардың, тік және көлбеу орын ауыстыру көтергішінің және лифтілердің зақымдануладын түзету және қондыру;

көпірлердің металды элементтерінің сүйеу қоршауларының бояу қабатын (бояма) жергілікті қалпына келтіру;

жүру бөлігінің жиектас қоршауларына белгі қою;

автожолдардың үстіндегі жол өткізгіштерінің маңдай алды арқалықтарының астына тік белгілер қою;

автожолдардың үстіндегі жол өткізгіштерінің тіректеріне тік белгілер қою;

жинау техникасы өткеннен кейін жаяу жүргіншілер жолдарының бойындағы жүру бөлігін балшық пен бөтен заттардан тазалау;

қар тазалайтын техника өткеннен кейін жаяу жүргіншілер жолдарының бойындағы жүру бөлігін қар мен мұздан тазалау;

су қайтаратын тұтіктерді балшықтан, тастардан және қардан тазалау;

сорғылардан болған деформациялық жіктерінің су қайтаратын науаларын тазалау;

қабаттарды ашық типті деформациялық жіктерге алмастыруға арналған ойықтарды балшықтан тазалау;

ашық типті деформациялық жіктердің күрделі құрылыштарының механизмдерін тазалау және майлау;

жаяу жүргіншілер жолдарын балшықтан, қардан, қоқыстан және бөтен заттардан тазалау;

суды жіберуге арналған жаяу жүргіншілер жолдары шығырларындағы терезелерді тазарту;

көпірдің жаяу жүргіншілер жолы мен жүру бөлігінің арасындағы тосқауыл қоршауларының қисық сзықты білеуінің астындағы кеңістікті балшықтан, қардан және мұздан тазалау;

сүйеніш, тосқауыл қоршауларын, жол белгілерін кір мен қардан тазалау;

арқалықтардың үстін кірден, жағылған топырақтан, өсімдіктерден тазалау;

арқалықтардың тірек тораптарын жуу;

тірек бөліктерін қардан, кірден тазалау;

тірек бөліктерінің жұмыс істейтін үстіне графитті құрылыстарды жағу;

темір тірек бөліктері бекіткіштерінің бұрандамаларын тарту;

тіректердің бастарын және фермалық аландарды қоқыс пен кірден, қар мен мұздан тазалау;

конустар мен еңіс бекіністерін кірден, шөптен және талдардан тазалау;

тіректердегі мұзды уату және мұзды кесу;

сөң жүру және тасқын суларды өткізуді ұйымдастыру;

байқау құралдарын (баспалдақтар, арбашалар) тазалау;

көпір құрылыстарын ағымдағы және кезеңді тексеру;

қоқыстарды және кесілген ағаштарды пайдаға асыруға тиегі, шығару және беру арқылы көпір және су өткізу құбырлары аймақтарынан арақашықтығы 50 метрге дейін, ағыны бойынша жоғары және төмен бұталы өсімдіктерді жою және ағаштарды шабу, көпір астындағы аймақтарды санитарлық тазалау;

темір-бетон құбырларының аралықтарын лай мен балшықтан тазалау;

шағын көпірлер мен құбырлардың аралықтарын күзде жабу және көктемде ашу;

сел жүруді, тасқын суларды жіберу, жолдар мен құрылыстарды тасқыннан, мұз басудан, орман және дала өрттерінен қорғау бойынша сақтандыру жұмыстары;

паромдық жолдарды, реттелетін су өткізгіш құрылыстардың шандорлы қалқалағыштарын күтіп ұстай және қызмет көрсету; навигациялық жабдықтар құралдарын орнату жұмыстары, көпір алдындағы участкеде жүзу, кеме жүзетін құралдарды күтіп ұстай және "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының негізінде автомобиль жолдарының көпір құрылыстарына кіреберістердегі түбін тереңдету және түбін тазарту жұмыстарын жүргізу;

құрылыстардың жеке элементтерін (тірек бөліктері, сүйеніштер, тосқауыл қоршаулары, төсөніштер, діңгектер, тіреуіштер, дуал қабырғалары, тік құрылыстардың тақталары, шкафты қабырғалар, ашилу есікшелері құрғату құрылғылары және т.б.) қондыру, ауыстыру және жөндеу;

көпірлердің темір элементтерін жергілікті сырлау;

көпірлердің, жол өткізгіштердің жүру бөлігіндегі төсемді шұңқырлы жөндеу, төсемдегі жарықшақтарды бітеу;

деформациялық жіктерді ұсақ жөндеу;

деформациялық жіктерді ескі шайырдан алдын ала тазалау арқылы шайыр қую;

деформациялық жіктердің аймағындағы немесе жіктердің алдындағы төсемді алмастыру;

аяқ жолдардың асфальт-бетон төсемдеріндегі жарықшақтар мен еңістерді бітеу;

аяқ жолдардың цемент-бетон төсемдеріндегі жарықшақтар мен еңістерді бітеу;

үйінділердің шайылған жергілікті жерлерін және реттеу құрылыштарын жою;

үйіндісі бар көпірлердің жанаасқан жерлеріндегі шайылуларды себу, осы жерлердегі суды бір уақытта жою;

тіректердегі шайылу шұңқырларын бітеу;

құбырлардың гидро оқшаулануын жөндеу және олардың буындары мен бөліктері арасындағы жіктерді бітеу;

көпірлердің, жол өткізгіштердің жүру бөлігіндегі төсемді шұңқырлы жөндеу, төсемдегі жарықшақтарды бітеу;

құбырлардың жеке буындарын, бастарын жиектердің қанаттарын, арнаның шығыс және кіріс бекінісін жөндеу және алмастыру және құбырдың науасын түзету, нобайланған тасты қалпына келтіру;

ағаш көпірлердегі төсемдерін, тақтайларды ауыстыру, элементтерді шірігеннен тазалау;

болаттан жасалған элементтері бар ақаулық жіктердің бөлшектерін жекелеп алмастыру;

жерусті және жерасты жаяу жүргіншілер өтпесін тазалау;

жерусті және жерасты жаяу жүргіншілер өтпесінің тіке және қиғаш көтергіш құралдарын тазалау және жөндеу;

тоннельдің жеке конструкцияларында пайда болған ақауларды жедел жою;

тоннель конструкцияларының элементтерін шаңнан және кірден тазалау (жүру бөлігі, тротуарлар, бөлгіш қоршаулар, қызметтік өткелдер, камералар, шахталық тіректердің үстіңгі жағы, сервистік штольнилар, су өткізгіш құрылыштары);

тоннельдердің кірберістеріндегі жиектерін тазалау және күту;

тоннель конструкциясы элементтерін сырлау және әктеу;

автомобильдерді және жаяу жүргіншілердің қауіпсіз өтуін қамтамасыз ету (электр жабдықтарға, жарықтандыру және желдету жүйелеріне, өтке қарсы және тұтінге қарсы жүйелерге техникалық қызмет көрсету);

10) ғимараттар, өндіріс базалары, жол зертханалары, жол сервис объектілері және павильондары, пайдалану қызметі мен ақы алу пункттерінің аула алдындағы құрылыштары мен қосалқы құрылыштары бойынша:

ғимараттарды, өндіріс базаларын, жол зертханаларын, жол сервис объектілерін және павильондарын аула алдындағы құрылыштар мен қосалқы құрылыштарды және ақы алу пункттерін жүйелі түрде күтіп ұстай (шатырларын, суағар құбырларын, науаларын, тұтіндіктерін тазалау, су өткізу және канализациялық құрылғыларды тазарту, ішетін және техникалық суды тасу, қоқысты шығару, септиктерді тазарту және басқа жұмыстар), жол қызметі ғимараттарының аулаларын, үй-жайларын және кіреберіс жолдарын тазалықта және ретке келтіріп ұстай, өрттен қорғау, күзет сигналізациясын, күзет қызметін, оның ішінде әскерилендірілген, диспетчерлік қызметті күтіп ұстай, аумақты жарықтандыру, сугазжылуэлектржабдықтары, радио байланысты қамтамасыз ету және оларды жұмыс қүйінде күтіп ұстай;

регламентtelген мерзімде уәкілетті органда зертханалық жабдықтарды тексеру және тиісті сертификатты алу;

жаңа материалдарды қосу немесе қоспау арқылы құрделі, кемелденген, ауыспалы, топырақты және топырақты жақсартылған төсемі бар жол-жөндеу қызметтерінің ғимараттарына мемлекеттік меншікте тұрған кіреберіс жолдарды жөндең кескіндеу;

сылақтарды түзету, қабырғаларды, едендерді, төбелерді, шатырларды, аралықтарды, терезелер, есіктер және сол сияқтыларды сырлау және ақтау, тұсқағаздарды жабыстыру және ауыстыру, шыныларды салу және ауыстыру. Жеке элементтерін алмастыру арқылы қалқаларды, қабырғаларды, төбелерді, шатырларды, аралықтарды, терезелер, есіктер, пештер, құдықтар, ұнғымалар, су құбырлары, канализациялық желілер, байланыс желісін, жылумен қамтамасыз ету, желдету, жарықтандыру жүйелерін және электр құрылғыларын алмастыру, зертханалық жабдықтарды алмастыру және жөндеу;

11) автомобиль жолдарының жол жүру үшін төлем ақы алу бағдарламалық-аппараттық кешені, ЗКЖ бойынша:

кепілдік қызмет көрсету мерзімі аяқталған соң, автомобиль жолдарының жол жүру үшін төлем ақы алу бағдарламалық-аппараттық кешені, ЗКЖ тозған және шығындық бөліктерін, тетіктерін, элементтері мен тораптарын төлкүжаттық деректерге, талаптарға сәйкес ауыстыру, орнату, жаңарту;

құрамына дербес жұмыс станциялары, ұйымдастыру техникасы, ОБП жабдықтары, байланыс құралдары, жол бойындағы жабдықтар, жабдықты басқару жиынтығы, жергілікті желінің коммутаторлары, серверлік, желілік және бейне жабдықтар, сондай-ақ дабыл-шақыру колонкаларының орталық модулі, дабыл-шақыру колонкалары диспетчерлерінің консолі кіретін автомобиль жолдарының жол жүру үшін төлем ақы алу бағдарламалық-аппараттық кешені, ЗКЖ төлкүжаттағы мәліметтерінің талаптарына сәйкес регламентtelген мерзімде жөндеу және жоспарлы ауыстыру;

мәліметтерді беру ортасының өткізу қабілетін арттыру үшін байланыс арналарын кеңейту, мәліметтерді берудің резервтік немесе қосымша арналарын ұйымдастыру (

талшықты-оптикалық байланыс желілері (бұдан әрі - ТОБЖ), радиорелелік, спутниктік, желінің архитектурасын өзгерту, қосымша виртуалдық арналар құру, желілік жабдықтарды ауыстыру;

сервердің орнын және/немесе басқа байланыс операторларының гермоаймағындағы бағандарды немесе серверлік үй-жайын жалға алу мен бірге автомобиль жолдарының жол жүру үшін төлем ақы алу бағдарламалық-аппараттық кешені, ЗКЖ техникалық қызмет көрсету, жабдықтарды тазалау және ауыстыру (істен шыққан) бойынша жоспарлы-профилактикалық жұмыстар:

ұйымдастыру техникасын, жұмыс станцияларын және басқа да материалдарды қоса алғанда жол жүру үшін төлем ақы алу бағдарламалық-аппараттық кешенінің құрамдас бөлшектері мен төлемді тіркеу жүйесі үшін техникалық құралдар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді орнату және ауыстыру;

акы алу жүйесіндегі төлемді және шығыстық бөлшектерді бақылауға жауапты жабдықтарды (купюра-монетақабылдағыштар, индукциялық ілмектер, шлагбаумдар, жіктеуіштер, бағдаршам объектілері, қозғалысты ұйымдастыру құралдары, өнеркәсіптік жұмыс станциялары, байланыссыз төлеуге арналған санауыш антенналары мен өзара байланысты құрамдас бөлшектер мен жабдықтар) орнату, жөндеу және ауыстыру;

ТОБЖ және деректер беру желілерінің жұмыс істеуіне арналған байланыс арналарын жалға алушы қоса алғанда аталған желілерге техникалық қызмет көрсету;

телекоммуникация желілері, жол жүру үшін төлем ақы алу бағдарламалық-аппараттық кешені мен ЗКЖ-ны басқарудың техникалық кешендерін олардың төлкүжаттағы мәліметтерінің талаптарына сәйкес мерзімінде қалпына келтіру;

бақылау қақпаларына орнатылған фото/бейне тіркеу жабдықтарын қоса алғанда, жол жүру үшін төлем ақы алу бағдарламалық-аппараттық кешені, ЗКЖ және автомобиль жолдарының ақпараттық жүйелерінің жабдықтарын, бағдарламалық қамтамасыз етуді, ақпараттық қауіпсіздікті сертификаттау;

жол жүру үшін төлем ақы алу бағдарламалық-аппараттық кешені, ЗКЖ және автомобиль жолдарының ақпараттық жүйелері үшін бақылау қақпаларын және басқа да металқұрылымдар және/немесе темірбетон бұйымдарды орнату немесе ауыстыру, қажет болған жағдайда оларды жарықтандыру және электрмен қамтамасыз ету, бұл ретте жұмыс көлемдері сметалық құжаттамамен белгіленеді;

ЗКЖ, жүру үшін ақы алу бағдарламалық-аппарат кешені қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуді сүймелдеу;

ЗКЖ, жүру үшін ақы алу бағдарламалық-аппарат кешені лицензиялы бағдарламалық қамтамасыз етуді инсталляциялау, жаңғырту және жаңарту;

12) қосымша қысқы күтіп ұстау жұмыстарына жататындары:

көк тайғаққа қарсы материалдарды әзірлеу;

көк тайғаққа қарсы материалдарды дайындау;

қардан қорғану құралдарын (қалқандар, кішкене қоршаулар, шарбақтар және сол сияқтылар) әзірлеу;

қардан қорғану шарбақтарын, қалқандарды, панельдерін және басқа да қардан қорғану құрылғыларын орнату, бөлшектеу және жөндеу;

жолдарды патрулдік қардан тазалау, жолдарды қарлы борасындардан аршу, жолдардың жүру бөлігін қарлы жамылғыдан тазалау, жиектерден, еңістерден және резервтерден қарлы дуалдардан жою;

жол белгілері мен тосқауыл қоршауларын қарлы борасындардан тазалау;

жүру бөлігін фрикциялық, химиялық және басқа да көк тайғаққа қарсы материалдармен өндешу және оларды кейіннен жүру бөлігінен қажетті уақыттан кейін тазалау;

автобус аялдамаларын, павильондарды, демалыс аландарын және жол қызметі объектілерін қар мен мұздан жүйелі түрде тазалау;

қар тоқтату үшін автомобиль жолдарының бойынан қар борасындары мен орларын құру;

қар көшкініне қарсы іс-шараларды жүргізу;

мұз басумен күрес;

жол-жөндеу қызметі ғимараттарын, жол техникасының тұрақтары мен жылдыту пункттерін жылумен қамтамасыз ету;

тайғақ жамылғысы бар участекерде қысқа уақыт әрекет ететін жол белгілерін орнату;

ауыр ауа-райы жағдайларында жол-жөндеу қызметі жұмысшыларының қатарынан және жол техникасын тәулік бойы күзетуді ұйымдастыру;

тау баурайында, жартылай ойық және ойық, оның ішінде механикаландырылған амалмен нөлдік орындарды әзірлеу мен кеңейту.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - КР Инвестициялар және даму министрінің 09.06.2016 № 480 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – КР Инвестициялар және даму министрінің 19.05.2017 № 281 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2018 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.10.2019 № 802 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйректарымен.

20. Автомобиль жолдарын көгалдандыру қарлы және құмды борасындардан, мұжілуден қорғау және сәулеттік-көркемдік безендіру үшін орындалады. Көгалдандыру өндірістік базалардағы орман ағаштарын, жасыл өсімдіктерді, көлік айрықтарындағы гүлзарларды, гүл бақшаларын, көгал аландарын күтуді, оларды жасау, қалпына келтіру және сәнді безендіруді құрайды.

21. Ағаш отырғызууды күтүге мынадай жұмыстар жатады:

жер қыртысын күту (трактормен культиваторлау, қатарлардағы жер қыртысын қопсыту, арам шөптермен химиялық құрес);

орман жолақтарын жырту;

шабу;

жол бойындағы өсімдіктердегі зиянкестермен және аурулармен құресу;

өндірістік базаларда жаңа өсімдіктер отырғызу, қазіргі жасыл өсімдіктерді суару және күту.

22. Ағаш отырғызу, қалпына келтіру және сәнді безендіруге мынадай жұмыстар жатады:

ағаш отырғызуға жер қыртысын дайындау, сәнді безендіру және көшеттерді өсіру;

орман алқаптарын салу және соның ішінде өндіріс базаларын сәнді безендіру;

орман алқаптарын толықтыру мен салу және сәнді безендіру;

құдықтарды, ұнғымаларды, суаратын су құбырларын және құрғату орларын салу.

23. Айрықтардағы гүлзарларды, гүл бақшаларын, көгал алаңдарын және сәнді өсімдіктерді күтуге мынадай жұмыстар жатады:

жер қыртысын дайындау;

көшеттерді өсіру;

отырғызу, суару және отау;

арам шөптерді жинау;

күзде біржылдық өсімдіктерді жинау.

24. Өзге жұмыстарға жататындары:

жолдар мен жол құрылыштарын күзеттік, оның ішінде мамандандырылған және өрт күзеті;

жолдардың жай-күйін және жол жүруді анықтау мақсатында жолдарды патрульдеу, ұсақ жұмыстарды орындау (жол белгілерін түзету, жүру бөлігі мен жиектерден жол қозғалысының қауіпсіздігіне қауіп төндіретін бөтен заттарды жинау), жолдарда жараланғандарға алғашқы медициналық көмек көрсету;

жол бойы жолақтарында уақытша тыйым салынған өсімдіктермен және зиянкестермен химиялық және механикалық құрес.

3. Автомобиль жолдары мен ондағы құрылыштарды ағымдағы жөндеу

25. Автомобиль жолын ағымдағы жөндеу - маршруттық тәсілмен орындалатын, бұзылған участкерді жөндеу жөніндегі іс-шараларды қоса алғанда, бүкіл жыл бойы жүргізілетін, автомобиль жолдарында авариялық жағдайлар, ақаулар туындауының алдын алу, сондай-ақ автомобиль жолын шұғыл қалпына келтіру және тәртібімен орындалатын жұмыстар кешенін қарастырады.

Қаржыландыру нормативтеріне сәйкес ағымдағы жөндеуге бөлінген қаржы шегінде ақаулықтар тізбесі бойынша жолдарды тексеру нәтижелері негізінде жоспарланады.

Жұмыстарды бағдарлы тәсілмен орындау кезінде жұмыстарды сметалық есептер негізінде орындауға жол беріледі. Мүмкін болатын ұдеудің және олардың аса маңызды бұзылуарға айналуының алдын алу мақсатында ағымдағы жөндеу шенберінде ақаулықтар мен бұзылуарды жою жұмыстарын толығымен орындауда жол берілмейді.

26. Автомобиль жолдары мен ондағы құрылыштарды ағымдағы жөндеу кезінде мынадай жұмыстар орындалады:

1) жер төсемі және су қайтарғыш бойынша:

дымқыл және қар борайтын жерлердің жер төсемінің ұзақтығы бойынша участеклерін көтеру және кеңейту, кішкене иірім участеклерді жою;

қолданыстағы су бұрғыш жыраларды тазалау, қоқыс тастайтын жерге қоқыстарды тиесу және шығару, жаңа жыраларды қазу, үйінділер мен құыстар жиектерінің бұзылуарын түзету және құламаларын азайту, құрғату, қорғау және бекіту құрылғыларын, су бұрғыш құрылғыларды және көпірлер мен құбырлардың бұру арналарын түзету;

тұрақты шымды жабынды құру бойынша қажетті агротехникалық іс-шараларды жүргізу арқылы жер төсемі мен резервтердің жиектерін шөппен себу, опырылған, мүжілген жерлерді, сең шығарындыларын тазалау;

жиектерді себу, шабу, жоспарлау және бекіту;

тал және тасқын суларды жіберуді қамтамасыз ететін материалдарды қосу арқылы бөлу жолағын жоспарлау;

2) жол жамылғылары бойынша, соның ішінде цемент-бетонды төсемдері бойынша:

сегменттердің тозған бетін қалпына келтіру, цемент-бетон төсемдері тақталарының сынықтары мен омыруларын жөндеу, қалпына келтіруге жатпайтын бұзылған тақталарды алмастыру, цемент-бетон төсемдерін беттік бұзылуардан қорғау;

соның ішінде жиналмалы темір-бетон төсемдері бойынша:

темір-бетон төсемдеріндегі жіктерді жөндеу және толтыру;

жеке тақталарды көтеру және тегістеу, тақталардың сынықтарын жөндеу, қалпына келтіруге жатпайтын бұзылған тақталарды алмастыру, төсемдерді беттік бұзылуардан қорғау;

цемент-бетонды жабындардың көлденең және отырыңқы жарықтарын герметизациялау арқылы жөндеу;

деформациялық тігістердің геометриясын қалпына келтіру және оларды герметизациялау;

3) жасанды құрылыштар бойынша:

аяқ жолдарда ақаулық жіктерді алмастыру;

үйінділері бар жанаңсан шеткі аяқ жолдардың тақталарын алмастыру;

болаттан жасалған элементтері бар ақаулық жіктердің бөлшектерін жекелеп алмастыру;

ақаулық жіктердің астындағы су бұрғыш науаларды қалпына келтіру; су бұрғыш тұтіктерді жөндеу (тұтіктерді өсіру немесе қосымша тұтіктерді салу);

жаяу жүргіншілер жолына гидроокшаулаудың жанасқан жерлеріндегі төсемнің жіктерін салу және оларды шайырмен құю;

әртүрлі модификациядағы тұтқаларды, пандустарды орнату, ауыстыру және жөндеу, тік және көлбек орын ауыстыру, лифтілер, сатылар және халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары мен мүгедектігі бар адамдарды есепке ала отырып арналған сатылар; су бұрғыш тұтіктердегі оқшауланды жөндеу;

аяқ жолдардың блоктарындағы жеке сынықтар мен жарықшақтарды жою;

аяқ жолдардың тақталарының сынған жерлерін жою;

оқшау жерлерді салу немесе аяқ жолдарға асфальт-бетон төсеу;

жана анкерлери бар сүйеніштердің тіректеріндегі бекіткіштердің тораптарын алмастыру;

көпірлерде женіл жөндеу жұмыстарын орындау (төсемелерін, арқалық торларын, жеке тораптарын және элементтерін ауыстыру, жер жамылғысымен жанасқан қалауын түзету және т.б.);

көпірдің жүру бөлігіндегі төсемді қалпына келтіру немесе алмастыру;

гидроокшаулауды жөндеу;

жаяу жүргіншілер жолдарын, сүйеніштерді, жиектастарды жөндеу және алмастыру;

жарықшақтарды беттік герметизациялау, қуыстарды, сынықтарды бітеу, көпірдің темір-бетон элементтерінің қорғау қабатын қалпына келтіру;

жиектер мен реттеу құрылыштарының шұнқырларын жою;

аса төзімді бұрандамалардағы тойтармаларды алмастыру;

қаптау жіктерін сөгу, жарықшақтарға ерітінділерді егу;

құрылғылардағы жарықшақтарды бітеу, қаландыларды, сылактарды жөндеу, тойтармаларды жекелеп алмастыру;

орлар арқылы өтпелі және көшпелі көпірлерді ауыстыру және түзету;

аспалы көпірлердің, паромдық өтпелердің және айлақ құрылғыларын (тығындау, қаптаманы жөндеу, такелажды және соған ұқсастарды түзету);

өтпелі тақталардың жанасу тораптарын герметизациялау;

деформациялық жіктердің ағуын бұрандамаларды тарту арқылы жою;

сырғанау тақталарының деформациялық жіктерін дәнекерлеу (олар жұлдынып қалған жағдайда), жетіспейтін серіппелерді орнату;

деформациялық жіктердің механизмдері мен құрылғыларын ұсақ жөндеу;

құбырлардың гидро оқшауландыру жөндеу және олардың буындары мен бөліктері арасындағы жіктерді бітеу;

жеке тойтармаларды алмастыру, темір аралық құрылыштар элементтерінің ұсақ ақаулықтарын түзету;

су өткізгіш құбырларды жөндеу;

көпірлер мен су өткізгіш құбырларды жөндеу кезінде, қажет болған жағдайда ұзақтығы бір километрден аспайтын айналма жолын салу;

тоннельдің конструкцияларындағы жеке ақауларды жою (раковиналарды, жарықтарды, ойықтарды, қатпарланған жерін, штукатурканы дұрыстау);

тоннель гидроизоляциясын түзету (блоктардың қылыштарын және тюбингтерді жабыстыру);

4) қозғалыс, байланыс, жарықтандыруды ұйымдастыру объектілеріне жолдарды салу және жайластыру бойынша:

жол участкеріндегі халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары мен мүгедектігі бар адамдарды есепке ала отырып, қолданыстағы тротуарлар мен жаяу жүргіншілер жолдарын, сондай-ақ жол үстіндегі жол өтпелерін жөндеу және жаңаларын салу;

шығу және кіру жолдарын, жазғы және трактор жолдарын жөндеу;

сигнализацияны, жол қозғалысын ұйымдастыру (бағдаршамдар, жол белгілері, ақпараттық (жарықтық диодты) жол белгілері мен өзгеріп тұратын ақпараты бар жеке жобалау табло жабдықтары, оның ішінде оларды жарықтандыру және электрмен жабдықтау), байланыс және жарықтандыру объектілерін орнату және/немесе жөндеу, ауыстыру, бұл ретте жұмыс көлемдері сметалық құжаттамамен белгіленеді;

халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары мен мүгедектігі бар адамдарды есепке ала отырып, арнайы символдарды, тактильді, дыбыстық және көзбен шолып көретін жерде көрсеткіштерді орнату, ауыстыру және жөндеу;

жеке жобаланған кіші сәулеттік-дизайнерлік пішіндерді орналастыру және орнату; қарықтыруға қарсы экрандарды орнату;

сәндік және (немесе) дизайнерлік жарық және (немесе) көлік айрықтарын жарықтандыру (жол өткізгіштерді) орнату, ауыстыру және жөндеу;

халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына және мүгедектігі бар адамдарға арналған бағдаршамды шақыру түймесін орнату, ауыстыру және жөндеу;

5) автомобиль жолдарының жол жүру үшін төлем ақы алу бағдарламалық-аппараттық кешені, ЗКЖ бойынша:

құрамына дербес жұмыс станциялары, ұйымдастыру техникасы, ОБП жабдықтары, байланыс құралдары, жол бойындағы жабдықтар, жабдықты басқару жиынтығы, жергілікті желінің коммутаторлары, серверлік, желілік және бейне жабдықтар, сондай-ақ мәліметтерді сақтаудың дискілік жүйесі, дабыл-шақыру колонкаларының орталық модулі, дабыл-шақыру колонкалары диспетчерлерінің консолі кіретін жол жүру үшін төлем ақы алу бағдарламалық-аппараттық кешені, ЗКЖ және автомобиль жолдарының ақпараттық жүйелерінің жабдықтарын төлкүжаттағы мәліметтердің талаптарына сәйкес регламентtelген мерзімде жөндеу және жоспарлы ауыстыру;

акы алу жүйесіндегі төлемді және шығыстық бөлшектерді бақылауға жауапты жабдықтарды (купюра-монетақабылдағыштар, индукциялық ілмектер, шлагбаумдар, жіктеушілер, бағдаршам объектілері, қозғалысты ұйымдастыру құралдары,

өнеркәсіптік жұмыс станциялары, байланыссыз төлеуге арналған санауыш антенналары мен өзара байланысты құрамдас бөлшектер мен жабдықтар) орнату, жөндеу және ауыстыру;

телекоммуникация желілері, жол жүру үшін төлем ақы алу бағдарламалық-аппараттық кешені мен ЗКЖ-ны басқарудың техникалық кешендерін олардың төлкүжаттағы мәліметтерінің талаптарына сәйкес мерзімінде орнату қалпына келтіру және жаңғырту;

жол жүру үшін төлем ақы алу бағдарламалық-аппараттық кешені, ЗКЖ және автомобиль жолдарының басқа да ақпараттық жүйелері үшін бақылау қақпаларын және басқа да металқұрылымдар және/немесе темірбетон бұйымдарды орнату немесе ауыстыру, қажет болған жағдайда оларды жарықтандыру және электрмен қамтамасыз ету, бұл ретте жұмыс көлемдері сметалық құжаттамамен белгіленеді;

автомобиль жолдарының ЗКЖ, жүру үшін ақы алу бағдарламалық-аппарат кешені қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңғырту, пысықтау;

жүру үшін ақы алу бағдарламалық-аппарат кешенінің нысандарына кіру үшін бақылау жүйесін орнату.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - КР Инвестициялар және даму министрінің 09.06.2016 № 480 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – КР Инвестициялар және даму министрінің 19.05.2017 № 281 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2018 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.10.2019 № 802 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

27. Қауіпті ақаулықтарды және елеулі өзгерістерді және жергілікті участекелердегі жол төсемінің бұзылуларын жою кезінде негіздің қабаты үшін алынған материалды кейіннен пайдалану және төсемнің жаңа қабатын салу арқылы қауіпті ақаулықтар мен бұзылуларды жою мақсатында төсемнің ені бойынша жергілікті жерлерді қайлау немесе ресайкілеу.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - КР Инвестициялар және даму министрінің 04.12.2018 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтымен.

4. Автомобиль жолдары мен жол ондағы құрылыштарды орташа жөндеу

28. Орташа жөндеу жолдар мен жол құрылыштарының алғашқы пайдалану сапасын қалпына келтірумен байланысты жұмыстарды кезеңді орындауды көздейді.

29. Орташа жөндеу кезінде жол жамылғысының тозған қабатын және тегістілігін кезеңді қалпына келтіру, сондай-ақ жер төсемінің, су бұрғыштардың, жасанды, қорғау, бекіту, реттеу және басқа жол құрылыштарының бұзылуарын түзету жүргізіледі.

Орташа жөндеу бойынша жұмыстар көлемдерін ведомствоның сараптаманы өту арқылы ақаулықтар тізбесінің негізінде жасалған сметалық есептер анықтайды.

30. Автомобиль жолдары мен жол құрылыштарын орташа жөндеу кезінде мына жұмыстар орындалады:

1) жер төсемі және су бұрғыш бойынша:

дымқыл және қар борайтын жерлердің жер төсемінің ұзақтығы бойынша участеклерін көтеру және кенейту, кішкене иірім участеклерді жою;

қолданыстағы су бұрғыш жыраларды тазалау, қоқыс тастайтын жерге қоқыстарды тиесінен шығару, жаңа жыраларды қазу, үйінділер мен құыстар жиектерінің бұзылуарын түзету және құламаларын азайту, құрғату, қорғау және бекіту құрылғыларын, су бұрғыш құрылғыларды және көпірлер мен құбырлардың бұру арналарын түзету;

тұрақты шымды жабынды құру бойынша қажетті агротехникалық іс-шараларды жүргізу арқылы жер төсемі мен резервтердің жиектерін шөппен себу, опырылған, мүжілген жерлерді, сең шығарындыларын тазалау;

жиектерді себу, шабу, жоспарлау және бекіту;

2) жол жамылғылары бойынша, соның ішінде:

цемент-бетонды жабындысы бар жабынды автожолдар бойынша:

плиталардың тесіктерін және сынықтарын жөндеу;

жабындардың бетін тегістеу, отырыңқы жерлерді жою, плиталардың жеке участеклерін алмастыру;

цемент-бетонды жабындарда компенсациялық тігістерді орнату;

цемент-бетонды жабындардың беткі қабатын жөндеу;

цемент-бетонды жабындарды асфальтбетонды қоспаларды қолдана отырып жөндеу;

цемент-бетон төсемдерін қалпына келтіруге жатпайтын тозған тақталарын алмастыру, цемент-бетон төсемдеріндегі бойлық және көлденен жыртылған жерлерді ою;

тозған тақталарды алмастыру, темір-бетон төсемдерінің жеке тақталарын көтеру немесе тегістеу;

корғау қабатын салу, үлкен ұзақтықтағы темір-бетон тақталарының және цемент-бетон төсемдерінің жапсарларын жөндеу, жеке участеклерде асфальт-бетон қабатын салу;

жол жабынының үстіңгі өндірілген қабатын, соның ішінде жетілдірілген қоспаларды қолдана отырып қабатын орнату;

жаңа материалдарды және жұмыс өндірісінің технологияларын қолдану арқылы синалған участеклерді салу және оларға мониторинг жүргізу;

асфальт-бетонды және өтпелі жабынды автожолдар бойынша:

жетілдірілген қоспаларды қолданумен үстіңгі қабатты өндеу;

жетілдірілген төсемнің тозған жоғарғы қабатын қалпына келтіру және қолданыстағы жол жамылғысын бөлшектеу және қажетті жағдайда қабатты тегістейтін және үстіңгі қабатқа немесе жөнделетін учаскенің барлық ұзындығына тозу қабатына өндеу жүргізу арқылы жеке және ірімді учаскелерде жол жамылғысын салу;

асфальт-бетон қоспасының қажетті мөлшерін қосу арқылы шорлары, сораптары, жоталары және басқа да өзгерістері мен ақаулары бар жетілдірілген төсемді қалпына келтіру;

жаңа материалдардың қажетті мөлшерін қосу арқылы және жол жабындарының негізін салу үшін алынған материалдарды, оның үстіне асфальтты-бетон қабатын немесе тозу қабатын төсеу арқылы шорлары, сораптары, жоталары және басқа да өзгерістері мен ақаулары бар жетілдірілген төсемді қайлау және қалпына келтіру;

жаңа материалдарды және жұмыс өндірісінің технологияларын қолдану арқылы синалған учаскелерді салу және оларға мониторинг жүргізу;

шағылтасты және қиыршықтасты төсемдердің қапталдарын, сондай-ақ материалдар қолдану арқылы топырақты жолдарды қалпына келтіру;

қиыршықтасты және топырақты жолдардың жүру бөлігін тұтқыр және шаңсыздандыратын материалдармен жақсарту;

вираждарды салу және қозғалыс үшін қауіпті қисық көрінулерді қамтамасыз ету;

жөнделетін учаскелердің жүру бөлігін белгілеу;

цементбетонды жабынның құрылғысы немесе асфальтбетонды жабынның ұзындығы 500 метрден аспайтын негізгі құрылғысы бар цементбетонды жабынға ауыстыру;

жолдың техникалық санатын өзгертпей, ұзақтығы 15 километрден аспайтын ұсақтасты және қиыршықтасты жабынды асфальт-бетонды жабынға ауыстыру;

3) жасанды құрылыштар бойынша:

ақаулық жіктердің астындағы су бұрғыш науаларды қалпына келтіру;

су бұрғыш тұтіктерді жөндеу (тұтіктерді өсіру немесе қосымша тұтіктерді салу);

жаяу жүргіншілер жолына гидроокшаулаудың жанаңқан жерлеріндегі төсемнің жіктерін салу және оларды шайырмен құю;

су бұрғыш тұтіктердегі оқшаулануды жөндеу;

10 сантиметрден асатын отыру кезінде үйінділері бар көпірмен жанаңқан тораптарды жөндеу (шағылтасты себу арқылы қосымша төсемнің есебінен тегістеу);

үйінділері бар жанаңқан шеткі аяқ жолдардың тақталарын алмастыру;

жол жамылғысын қалпына келтіру арқылы ауыспалы тақталардың жеке ығысуын жою;

тақталарды ашу арқылы оларды жуу кезінде ауыспалы тақталардың астына топырақ себу;

болаттан жасалған элементтері бар ақаулық жіктердің бөлшектерін жекелеп алмастыру;

жұмыстар жол жамылғысы деңгейінде орындалған кезде шайырлы және резенке толтыратындары бар жабық типті ақаулық жіктерді алмастыру;

аяқ жолдардың ақаулық жіктерді алмастыру;

аяқ жолдардың төсемдерін тегістеу, жаңа төсемді салу;

аяқ жолдардың блоктарындағы жалпақ саңылаулардың шұңқырларын бітеу, аяқ жолдардың алдын қорғау төсемімен өндөу;

аяқ жолдардың блоктарындағы жеке сыйықтар мен жарықшақтарды жою;

аяқ жолдардың блоктарындағы жапсарларды басу және оқшаулау;

аяқ жолдардың қалпына келтіру, жеке бұзылған блоктарды күшету немесе алмастыру;

аяқ жолдардың тақталарының сынған жерлерін жою;

оқшау жерлерді салу немесе аяқ жолдарға асфальт-бетон төсеу;

жеке секцияларды жөндеу, сүйеніштердің жеке тіректерінің анкерлерін күшету;

барлық ұзындығында немесе көпір құрылышы ұзындығының бөлігінде сүйеніштерді алмастыру;

барлық ұзындығында сүйеніштерді сырлау;

жаңа анкерлері бар сүйеніштердің тіректеріндегі бекіткіштердің тораптарын алмастыру;

бетон құрылымының барлық үстіңгі бетін (тақталар, қабырғалар, аралықтар және басқа элементтер) гидрофобизациялау немесе сырлау;

диафрагманың жапсарларын жөндеу;

көпірлер мен жол өткізгіштерді жартылай қайта жасау немесе жөндеу, сондай-ақ техникалық құжаттамамен бекітілген жөнделетін жол үшін белгіленген техникалық санатқа сәйкес келетін нормаларға габариттері мен есептік салмақтарын жеткізу арқылы су өткізгіш құбырларды толық немесе жартылай қайта құру;

көпірлерде жеңіл жөндеу жұмыстарын орындау (төсемелерін, арқалық торларын, жеке тораптарын және элементтерін ауыстыру, жер жамылғысымен жанасқан қалауын түзету және т.б.);

алдын ала-кернеулі темір-бетон және темір аралық құрылыштардың құрылыш көтермесін бақылау;

көпірдің жүру бөлігіндегі төсемді қалпына келтіру немесе алмастыру;

жаяу жүргіншілер жолдарының блоктарындағы жіктерді басу, жаяу жүргіншілер жолдарында төсемдер салу;

халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары мен мүгедектігі бар адамдарды есепке ала отырып, арнайы символдарды, тактильді, дыбыстық және көзбен шолып көретін жерде көрсеткіштерді орнату, ауыстыру және жөндеу;

қоршауларды жөндеу немесе қайта жаңарту;

материалдар мен құрылымдарды алмастыру арқылы ақаулық жіктерді жөндеу; гидрооқшаулауды жөндеу;

жаяу жүргіншілер жолдарын, сүйеніштерді, жиектастарды жөндеу және алмастыру;

көпірдің жүру бөлігіндегі судың бұрылуын жақсарту, су бұрғыш тұтіктер мен терезелерді алмастыру;

темір-бетон құрылымдарының алдыңғы бетін гидрооқшаулауды, басты арқалықтардың бетін сырлау;

жарықшақтарды беттік герметизациялау, құystарды, сынықтарды бітеу, көпірдің темір-бетон элементтерінің қорғау қабатын қалпына келтіру;

темір аралық құрылыштарды тегіс сырлау;

арқалықтардың бір-бірімен байланысуын қалпына келтіру;

құрғатқыш пен су бұрғышты, өтпелі тақталарды алмастыру арқылы көпірдің үйіндімен жанасқан жерін жөндеу;

жер төсемі және реттеу құрылыштары жиектерінің бекіткіштерін жөндеу;

жиектер мен реттеу құрылыштарының шұңқырларын жою;

темір аралық құрылыштардың жеке элементтерін күшету, алмаспайтын фермалары бар көпірлерде торлардың элементтерін түзету;

аса төзімді бұрандамалардағы тойтармаларды алмастыру;

тірек бөліктегі жобалық қалпын жөндеу және қалпына келтіру;

тіреу аландарындағы ағындыларды жөндеу және қалпына келтіру;

қаптау жіктерін сөгу, жарықшақтарға ерітінділерді егу;

аралық құрылыштар мен тіректердің көру құрылғыларын жөндеу және қалпына келтіру;

тіректерді жөндеу;

темір-бетон аралық құрылыштардың шығып тұрған жерлеріндегі тірек бөліктегін күшету;

құбырлардың жеке буындары мен бастарын алмастыру немесе жөндеу, оқшаулануы мен жапсарларын түзету;

сүйеу қабырғаларын, бекіту және реттеу құрылыштарын жөндеу, галереялар мен бастырмаларды, сондай-ақ, олардың жеке элементтерін алмастыру;

көпірлер мен су өткізгіш құбырларды жөндеу кезінде, қажет болған жағдайда ұзындығы бір километрден аспайтын айналма жолдың құрылғысын орындау;

жерусті және жерасты жаяу жүргіншілер өтпесінің бөлігін қайта салу немесе жөндеу;

тоннельдің жарақтарын және гидроизоляциясын қалпына келтіру (тігістерді жабыстыру, қоспаларды жағу, бетонның қорғаныс қабатын қалпына келтіру, оларды тазалау және ашылып қалған арматураларды тозудан сактау, бетонның әлсіз қабаттарын жою);

тоннель конструкциясының элементтерін бояу;

тоннельде жүру бөлігін және тротуарларды қалпына келтіру (жабындардың кішігірім деформациясын және зақымдарын жою, ойықтарды толтыру, тесіктерді, отырып қалған жерлерді, қигаштарды дұрыстау, деформациялық тігістерді және бордюрлерді қалпына келтіру);

тоннельде және кіреберістердегі су бұргыштарды қалпына келтіру;

тоннельдің кіреберісін және төбесіндегі шайылып кеткен участеклерді қалпына келтіру;

инженерлік жүйелердің участеклерін немесе жеке бөліктерін қалпына келтіру немесе алмастыру (жарықтандыру және желдету жүйелері);

4) қозғалысты ұйымдастыру, байланыс, жарықтандыру объектілеріне жолдарды салу мен жайластыру бойынша:

елді мекендер арқылы өтетін жол участеклеріндегі қолданыстағы тротуарлар, жаяу жүргіншілер жолдарын және арық жүйесін жөндеу және жаңасын салу;

жаңа жеке қоршауларды салу, жөнделетін участеклерде жаңа жол белгілерін және сілтеме құрылыштарын орнату және ауыстыру (қалпына келтіру), жеке айрықтарды, демалыс алаңдарын, автокөлік тұрақтарын, көрнекті орындарды сәулеттік безендіру және абаттандыруды қоса алғанда, қоршауларды жөндеу;

қар тоқтатуға негізделген қажеттігіне қарай тұрақты қар тоқтататын дуалдырды салу;

шығу және кіру жолдарын, жазғы және трактор жолдарын жөндеу;

сигнализацияны, жол қозғалысын ұйымдастыру (бағдаршамдар, электронды және жол белгілері, ақпараттық таблолар), байланыс және жарықтандыру объектілерін жөндеу және салу;

тұтқаларды, әртүрлі модификациядағы пандустарды тігінен және көлбеу орын ауыстыра отырып, әртүрлі модификациядағы көтергіштерді, лифтілерді, сатыларды және халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары мен мүгедектігі бар адамдарға арналған баспалдақтарды орнату, ауыстыру және жөндеу;

халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына және мүгедектігі бар адамдарға арналған бағдаршамды шақыру түймесін орнату, ауыстыру және жөндеу;

автомобиль жолдарының ақпараттық жүйелерін және кешендерін, жеке жобалау белгілері мен таблоларын, жол қозғалысын диспетчерлік және автоматтық басқару элементтері мен жүйелерін; ауыспалы ақпараты бар автономды және дистанциялық басқару белгілері мен таблоларын, бағдаршам объектілерін қалпына келтіру;

автожолдарды (автопавильондар, тіреу қабырғалары, ақпараттық панно және басқа құрылыштар) салу элементтерін жөндеу;

өту-жылдамдық жолағы және кіреберіс құрылғысымен автомобильдердің аялдамасы құрылғысымен автодұрағына арналған алаң немесе демалу алаңын (электржарықтардырумен, дәретханамен, қоршаудырумен, абаттандырудырумен және басқа орналастырудырумен.);

дәретханалардың және жол сервис павильонының құрылғысы, оның ішінде оларды жарықтандыру және электрмен жабдықтау;

4-1) автомобиль жолдарының жол жүру үшін төлем ақы алу бағдарламалық-аппараттық кешені, ЗКЖ бойынша:

автомобиль жолдарының жол жүру үшін төлем ақы алу бағдарламалық-аппараттық кешені, ЗКЖ жаңғырту және қайта құру, оған мыналар кіреді:

сервердің, желілік, коммутациялық және жол жүру үшін төлем жасау, бақылау-өлшеу аспаптарының, мемлекеттік тіркеу номірлік белгілерін анықтау және фото/бейне тіркеу жүйесінің, жұмыс станциялары мен ұйымдастыру техникасы жабдықтарының аппараттық-бағдарламалық бөліктерін орнату, жөндеу, ішінара немесе толық ауыстыру, жаңарту, біріктіру;

ақпараттық жүйелер мен бағдарламалық қамтамасыз етуді өзара орнату, ішінара немесе толық ауыстыру, жаңарту, толықтыру, интеграциялау;

лицензиялық бағдарламалық қамтылымды орнату және жаңарту;

бақылау қақпаларының жабдықтарын орнату және ішінара немесе толық ауыстыру; ақпараттық (жарықтық диодты) жол белгілерін және жеке жобалау таблосын орнату, оның ішінде оларды жарықтандыру және электрмен жабдықтау, бұл ретте жұмыс көлемі сметалық құжаттамамен анықталады;

жол жүру үшін төлем ақы алу бағдарламалық-аппараттық кешенінің объектілеріне қол жеткізуді бақылау жүйесін орнату, жөндеу және ауыстыру;

автомобиль жолдарының ақпараттық жүйелерін енгізу;

ЗКЖ, жүру үшін ақы алу бағдарламалық-аппарат кешенінің қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуді ауыстыру, дамыту, толық жаңғырту;

5) Жолдың пайдалану жай-күйін және көлік құралдары қозғалысының қауіпсіздігін қалпына келтіруді қамтамасыз ететін жұмыстардың басқа түрлері.

Ескеरту. 30-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Инвестициялар және даму министрінің 09.06.2016 № 480 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.05.2017 № 281 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2018 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.10.2019 № 802 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

5. Автомобиль жолдары мен ондағы құрылыштарды күрделі жөндеу

31. Автомобиль жолдарын күрделі жөндеу жолдың және жол сервис павильонының құрылыштардың көліктік-пайдалану жай-күйін арттыруға байланысты, атап айтқанда,

қолданыстағы жолдың техникалық санатын өзгертусіз жол жамылғысы мен жол құрылыштарының мықтылығының ұлғаюымен кезеңдік жұмыстардың орындауын көздейді.

32. Күрделі жөндеуге жататын жол участекелері қызметтің жөндеу аралық мерзімінің негізінде және жол диагностикасының нәтижесінде белгіленеді.

33. Автомобиль жолдарының күрделі жөндеуі мен құрылышы оларға кешенді орындалады – барлық объектілерге, автомобиль жолдарының құрамында тұратын, жобалық (жобалық-сметалық) құжаттамаға сәйкес күрделі жөндеуге жіберілетін, мемлекеттік сараптамадан өткен және жобаларды бекіту Ержесіне (техника-экономикалық негіздеме және жобалық-сметалық құжаттама) сәйкес бекітілген, сондай-ақ бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен объектілерді салуға арналған жобаларды Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 304 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10632 болып тіркелген) бекітілген.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 19.05.2017 № 281 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

34. Күрделі жөндеу кезінде жекелеген жолдарды қалай жоспарда болса, солай қапталды бойында жөнделіп жатқан жол участекесінің жалпы ұзындығының ұзақтығы 25%-ға дейін жалпы жолдарды түзетуге рұқсат беріледі.

35. Жол-пайдалану қызметінің көпірлері мен жол өтпелерін, сондай-ақ ғимараттар мен құрылыштар кешенін қызметтің жөндеу аралық мерзімінің және олардың диагностикалау нәтижелері негізінде күрделі жөндеуге бағытталуына болады.

Күрделі жөндеу кезінде мынадай жұмыстар орындалады:

1) жер төсемі және су бұрғыш бойынша:

жер төсемін жөнделетін жол (кеңейту, көтеру, топырақты ауыстыру, көрінуді қамтамасыз ету, дөңгелету радиусын ұлғайту, бойлық еңістерін жұмсарту, тік иіндерін және жалтарыстарын құру) үшін белгіленген техникалық санатқа сәйкес нормаларға дейінгі оның геометриялық параметрлеріне жеткізумен түзету, жекелеген жол участекелерін жіктеу;

жер төсемінің нығаюын қамтамасыз ететін шоқталған, шөккінделген және опырылған участекелерді жою, кәріздерді, оңашаланған қабатшаларын жабдықтау және басқа жұмыстар;

қолданыстағыны қалпына келтіру және қайта құру, сондай-ақ субұрғыш жабдықтарға қажетті жаңа құрылыштар, жаңалық қорғау және эрозияға қарсы құрылыштар;

автомобиль жолдарының кесіп өту мен жанасуларында жер төсемдері мен субұрғыш жүйесін құру, сондай-ақ автомобильдерге аялдама, тұрақтар үшін алаңды

жайластыру бойынша жұмыстарды орындау, оларға өту-жылдамдық жолағы жабдығымен автомобиль жолдарының өтетін бөлігінен тысқары демалу алаңын, аялдамалық павильондар мен аялдамалық қалташықтар орнату;

жолдың күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстар аймағында орналасқан жол участеклерін жоютын жол бойындағы қорларды қалпына келтіру;

су тасқыны, сел, нөсерлік және басқа табиғат апаттарын жою;

су басып кеткен және қар басқан участеклерде жер жамылғысын көтеру, автомобиль жолдарының және ондағы құрылыстардың жарылған, шайылып кеткен және майысқан участеклерін қайта жабдықтау;

2) жол жамылғысы бойынша:

ұзақтығы 5 километрден аспайтын жол жамылғысын нығайту (қалындану), кеңейту және регенирациялық және қолданыстағы жол жамылғыларын негізі ретінде қолдану арқылы ең жетілдірілген жол жамылғысы түрлерін жабдықтау, сондай-ақ қайта құрылып жатқан (жіктелетін) жол участеклерінде және тұрғылықты пункттерін айналма және оларға кіреберісте жаңадан жол жамылғысын құру, көліктік айырығы, инженерлік құрылғыда, тротуарда, өту және велосипед жолында, автобус аялдамасында және аялдау қалташаларында, демалу алаңында және автокөлік тұрағында, сондай-ақ олардың өту-жылдамдық жолағында жол жамылғысын жабдықтау;

цемент-бетон жамылғысы бойынша:

ескі цемент-бетон жамылғысының үстіне, оның тұтастығын бұзбастан асфальт-бетон қоспасын нығайту қабатын құру;

ескі цемент-бетон жамылғысын алдын-ала ұсақтаумен және осындағы түрде алынған негіз болатын материалды ұқыптылықпен тығызыдаумен ескі цемент-бетон жамылғысының үстіне, оның тұтастығын бұзбастан асфальт-бетон қоспасын нығайту қабатын құру;

нығайту қоспасын цемент-бетоннан, армобетоннан, фибробетоннан, түрлендірілген цемент-бетоннан жабдықтау;

шағылтас пен қырышық тас жамылғысын, сондай-ақ топырақ жолды жаңа материалдарды қосу арқылы түзету, байланыстыратын материалдармен өту бөлігін жақсарту;

жасанды және табиғи материалдардан жасалған тозған бордюрлерді, жетілдірілген жамылғысымен жиектерге бекітілетін жолақтар, соның ішінде негізгі жол жамылғысының түрі бойынша ауыстыру және жаңасын жабдықтау;

жол жамылғыларының, жаңа материалдар мен жұмыс өндірісі технологияларының жаңа құрылымын қолдану арқылы сыйналған участеклерді салу және оларға мониторинг жүргізу;

көтерілетін және төмен түсетін жерлерде апаттық-тежеуіш еңіс аландарын орнату;

3) жасанды құрылымыс бойынша:

көпірлерді, көлік айрықтарын кеңейту мен нығайту арқылы толығымен немесе ішінара, оның ішінде олардың ғабариттерін реттеумен және есептік жүктеменің қабілеттігіне салмақ түсетін жаяу жүретін, су өтетін, салу, қайта салу (жана аралықты қоспастан ғабариттерін кеңейту арқылы көпірді жөндеу; ғабаритін кеңейтумен және риғелді ұлғайту мен нығайтумен, жана аралықты қосумен бір жағынан немесе екі жағынан тіреуішті кеңейту);

металл көпірінің басты аралығы мен фермі элементтерін дұрыстау және нығайту;

металл аралық құрылымын ауыстыру;

көпірдің өтетін бөлігін ауыстыру;

су өткізу құбырын салу және қайта салу;

құбырлардың буыны мен ауызғы бетін ауыстыру және нығайту;

зақымдалған құбырлар сақинасын ауыстыру;

жана сақина мен ауызғы беті есебінен құбырдың ұзындығын өсіру;

дәнекерленген көпірлерді, паром өткелдерін, темір жол өткізулерін тұрақты көпірлер мен жол өтпелерімен ауыстыру;

тіреуіш қабырғаларды, қорғаушы нығайтылатын және реттелетін құрылышты құру және қалпына келтіру;

қайта салынған және жаңадан салынған көпірлерді салу;

тоннельдердің құрастыруышы элементтерін, тау жолдарындағы қорғау галереясы мен қалқаларын жөндеу және ауыстыру, сондай-ақ уақытша галерея мен қалқаларды тұрақтыларға ауыстыру;

4) пайдалану қызметінің ғимараттары, қосалқы құрылыштары мен өндірістік базалары бойынша:

қолданыстағы ғимаратқа қосалқы-көмектесетін және санитариялық-тұрмыстық үй-жайларды жапсарлас салу, сыртқы қабырғалардың шегінде ғимараттың ішін қайта жоспарлау, тұтқаларды, әртүрлі модификациядағы пандустарды, тігінен және көлбеу орын ауыстыра отырып әртүрлі модификациядағы көтергіштерді, лифтілерді, сатыларды және халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары мен мүгедектігі бар адамдарға арналған баспалдақтарды орнату;

ғимараттың ақаулықтары мен зақымдалуын 40% дейінгі қабырға мен жамылғы материалдарын ауыстырумен түзету, ағаш фундаменттерді тұрақтыға ауыстыру;

орталық жылуды, сумен жабдықтауды, газдарды, канализацияны электрмен жарықтандыруды жабдықтау және қолданып жүрген желіге газ құбыры мен байланыс желісін қосу;

есік алдындағы құрылыштарды (үш машинаға дейінгі гараждарды, құдық қоймаларын, қазылған ұра және басқалары), аулалық дуал мен үй жанындағы абаттандыруды ғимараттың құнынан 25% аспайтын бағасымен жабдықтау;

жол-пайдалану қызметінің желідегі жұмыскерлерін орналастыру үшін одан әрі осында үйлерді пайдалану мақсатында жолды күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарды

жүзеге асыратын орындарда уақытшаның орнына тұрақты түрдегі тұрғын үйлерді, уақытша ғимараттар мен құрылыштарды көзделген сметалық соманың шегінде жол жөндеу бойынша жұмыстар үшін қажетті уақытша ғимараттар мен қосалқы құрылыштар (битумды, тас үгітуші, асфальт-бетонды, цемент-бетонды базалар) салу. Пайдалану қызметінің ғимараттар, қосалқы құрылыштар және өндіріс базалары бойынша осы мақсаттарға арналған жыл сайынғы шығындар ағымдағы жылғы автомобиль жолдарын күрделі жөндеуге бөлінген жалпы қараждаттың 10 % аспауы керек.

жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін топырақ қорын, жергілікті тас материалдарының кен орындарын және өндірістік кәсіпорындарының шығарындыларын (әкетілетін күл, бокситтік шламдар және басқалары) игеру, оларға кіру жолдарын, энергиямен қамтамасыз етуді, материалдарды қоймалау үшін алаңдарды жабдықтау;

5) жолдың қозғалысын, байланысын және жарықтандыруды ұйымдастыру объектілері бойынша жолды жайластыру мен орналастыру:

жолдардың немесе олардың жекелеген участеклерін архитектуралық ресімдеу және орналастыру;

аялдама, отырғызу алаңдары мен автопавильондарды, тұтқаларды, әртүрлі модификациядағы пандустарды, тігінен және көлбеу орын ауыстыра отырып, әртүрлі модификациядағы көтергіштерді лифтілерді, сатыларды халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары мен мүгедектігі бар адмадарға арналған баспалдақтарды орнату, ауыстыру және жөндеу;

халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына және мүгедектігі бар адамдарға арналған бағдаршамды шақыру түймесін орнату, ауыстыру және жөндеу;

демалу алаңын (күркемен, су көздерін, қарау шұңқырларын немесе жолдағы және басқаша орналастырылған автомобильді профилактикалық байқау үшін эстакадамен, дәретханамен, жол сервис павильонымен), аялдама немесе автомобиль тұрағына арналған алаңды, аялдау қапталдарын оларға өту-жылдамдық жолағын жабдықтаумен (соның ішінде әр түрлі деңгейлерде), сондай-ақ тұрғылықты пункттер шегінде өтетін қауіпсіздік аралында, тротуарда, жол участеклеріндегі өту жолдарында жабдықтау;

күрделі жөндеу өтіп жатқан участеклерде тосқауыл шарбағын, бағыттайтын құрылғы мен жол белгілерін жаңадан жабдықтау немесе ауыстыру;

автомобиль жолдарының бір және әр түрлі деңгейдегі қолданып жүрген кесіп өту мен жанастыруды, сондай-ақ барлық жолдағы немесе оның участеклеріндегі жекелеген өтпесін, съез бен миражды, линиялық жол қызметі ғимараттарына және жолдың қызмет көрсету кешеніне кіреберісте жаңадан жабдықтау және қайта жабдықтау;

қолданып жүрген жазғы трактор жолын, жөндеу кезеңіндегі уақытша айналма жол құрылсының жаңадан жабдықтау және қайта жабдықтау немесе табиғат апатынан қираған жол участеклерін қалпына келтіру;

желілік (төлетайптық) жол құрылышының жекелеген жол учаскелерінде, көпірлерінде және өткізу паромдарында электрмен жарықтандыру немесе радиобайланыс пен технологиялық байланыстың басқа құралдарын жабдықтау;

жолдар жұмыстарын оның жекелеген элементтерін, құрылыштарын және оның үстінен өтетін көлік ағынын зерттеу үшін қажетті қар өлшейтін және су өлшейтін посттарының және басқа құрылымының қозғалысын есептеу жөніндегі пункттерді құру және жабдықтау;

өткізу қабілетін ұлғайту мақсатында жалпы пайданымдағы автомобиль жолдарында жолақтарды кеңейтуді қоса өткізу пунктін жабдықтау және орналастыру;

коршаған ортаны қорғау (қазандықта тозақ тұту құрылғысын орнату, су көздерін ластанудан қорғау және басқа жұмыстар) бойынша шараларды жүргізу;

қажетті коммуникациялық жүйелерге қосылу арқылы көлік құралдарының қозғалысын бақылау және мониторингі үшін өлшеу құралдарын, жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді қондыру;

күзетуді қажет ететін стратегиялық маңызды обьектілерде күзет және видео бақылау жүйесін орнату;

жол жүру үшін төлем ақы алу бағдарламалық-аппараттық кешенін, басқа да ақпараттық жүйесін тиісті жабдықты монтаждау және қажетті коммуникациялық жүйелерге қосылу арқылы автомобиль жолдарының ЗКЖ орнату;

дәретханалар (оның ішінде мүгедектерге, ана мен балаға арналған бөлмелерімен, душ кабиналарымен), жол сервис павильондарын құрылғысы, оның ішінде оларды жарықтандыру және электрмен жабдықтау.

Ескерту. 35-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 09.06.2016 № 480 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.05.2017 № 281 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2018 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.10.2019 № 802 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйректарымен.

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрінің
2014 жылғы 24 қаңтардағы
№ 56 бүйрекшіна қосымша

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің күшін жойды деп танылған нормативтік құқықтық актілер тізбесі

1) "Жалпы пайданалымдағы автомобиль жолдарын күтіп ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеулер кезіндегі орындалатын жұмыстар түрлерін сыйыптауды бекіту

"туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 25 наурыздағы № 166 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6875 болып тіркелген), "Егемен Қазақстан" газетінде 2011 жылғы 13 сәуірдегі № 145-146 (26548) санында жарияланды.

2) "Жалпы пайдалымдағы автомобиль жолдарын күтіп ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеулер кезіндегі орындалатын жұмыстар түрлерін сыныптауды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушы 2011 жылғы 25 наурыздағы № 166 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 23 қыркүйектегі № 580 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7209 болып тіркелген), "Заң" газетінде 2011 жылғы 13 қазандағы № 149 (1965) санында жарияланды.

3) "Жалпы пайдалымдағы автомобиль жолдарын күтіп ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеулер кезіндегі орындалатын жұмыстар түрлерін сыныптауды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 25 наурыздағы № 166 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2012 жылғы 26 наурыздағы № 131 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7491 болып тіркелген), "Егемен Қазақстан" газетінде 2012 жылғы 04 сәуірдегі № 130 (27203) санында жарияланды.

4) "Жалпы пайдалымдағы автомобиль жолдарын күтіп ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеулер кезіндегі орындалатын жұмыстар түрлерін сыныптауды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 25 наурыздағы № 166 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 897 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8269 болып тіркелген), "Егемен Қазақстан" газетінде 2013 жылғы 03 тамыздағы № 182 (28121) санында жарияланды.